

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
МҰҒАЛЖАР АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ
«ШЕҢГЕЛШИ НЕГІЗГІ ОРТА
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОСНОВНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА
ШЕҢГЕЛШИ» ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ
ОБРАЗОВАНИЯ МУГАЛЖАРСКОГО
РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКТИОБИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

030710, Мұғалжар ауданы, Шенгелши ауылы, Ш. Құрманғазова көшесі, 11, тел.: 76567 Shengelshi.nm.2016@mail.kz

030710, Мугалжарский район, аул Шенгелши, ул. Ш. Қурманғазовой 11, тел.: 76567 Shengelshi.nm.2016@mail.kz

« 16 » __05__ 2025 жыл

№ 199 н/қ

Бұйрық кітабынан көшірме

2024/25 оқу жылын аяқтау тәртібі туралы

ҚР 27.07.2007 ж. «Білім туралы» Заңының 5-б., 14) тармағына, 2024-2025 оқу жылына арналған "Шенгелши негізгі орта мектебі" КММ-сінің күнтізбелік оқу кестелеріне сәйкес, ҚРОАМ-нің 02.05.2025ж № 3-05-4/3121 шығыс хатына сүйеніп, 2024-2025 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Күнтізбелік оқу кестелеріне сәйкес 2024/25 оқу жылында оқу сабақтарын аяқтау:
 - * Мектеп жанындағы шағын орталық және МАД сыныптары үшін – 31.05.2025:/ негіздеме: ҚРОАМ-нің №04-1-04-3/3176-И 16.05.2025ж/
 - * 1-4 сынып оқушылары үшін-23.05.2025;
 - * 5-8 сынып оқушылары үшін-23.05.2025;
 - * негізгі жалпы білім берудің білім беру бағдарламаларын меңгерген 9-сынып түлектері үшін-23.05.2025;
2. 9 кластарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары-2025 жылдың 29 мамыр-10 маусым аралығында өкізілсін.
 - математикадан/алгебра/ жазбаша емтихан (бақылау жұмысы)- 2025 жыл 29 мамыр
 - қазақ тілінен эссе нысанында жазбаша емтихан- 2025 жыл 2 маусым;
 - таңдау пәнінен жазбаша емтихан- 2025 жыл 5 маусым.
 - орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау)- 2025 жыл 10 маусым;
2. 1. Оқу жылы қорытындысы бойынша 1-9-сыныптарда:
 - 1) 2025ж. 12-20 мамыр аралығында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде 1-9 сынып жетекшілері мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен эссе байқауы.
 - 2) «Білімім -Отаныма» республикалық бірыңғай тәрбие сағаты өткізілсін:
 - * I ауысым үшін - 23.05.2025; 10.40-11.25
 - * II ауысым үшін - 23.05.2025; 14.00-14.45
 - 2.2. 1 сынып білім алушылары мен 9 сынып түлектері үшін оқу жылының аяқталуына орай салтанатты іс-шара өткізу күні белгіленсін - 23.05.2025. Басталуы: 10.00 сағатта
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің, облыстық, аудандық білім бөлімдерінің бұйрықтарымен бекітілген кестеге сәйкес 5-8 сынып білім алушыларының аралық

аттестаттаудың қазақ тілі пәнінен болатын емтихандарына кестеге сәйкес қатысуын қамтамасыз ету 5-8 сыныптардың жетекшілеріне міндеттелсін.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің, облыстық, аудандық білім бөлімдерінің бұйрықтарымен бекітілген кестеге сәйкес 9 сынып түлектерінің міндетті қорытынды аттестаттауға қатысуын қамтамасыз ету 9 сыныптың жетекшісіне міндеттелсін.

5. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.М.Нурмағанбетова төмендегідей іс-шараларды ұйымдастырсын:

5.1. 21.05.2025. 1-4 сынып оқушыларын келесі сыныпқа көшіру, 5-8 сынып оқушыларын аралық аттестаттауға жіберу туралы педагогикалық кеңес өткізу ;

5.2. 21.05.2025 негізгі және орта жалпы білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша 9 -сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға жіберу бойынша педагогикалық кеңес өткізу;

5.3. Білім беру бағдарламаларының орындалуын, электронды журналдың толтырылуын бақылауды толық көлемде қамтамасыз ету, нәтижелерді анықтамада 30.05.2025 дейінгі мерзімде көрсету.

5.4. Негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша міндетті қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібімен белгіленген міндетті қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптарды сақтау үшін қажетті оқу құжаттамасының жай-күйін (ҚР БЖҒМ.2008ж18.03.№125, ОАМ-нің 2023ж13.04.№96 бұйрықтары) 16.06.2025 дейінгі мерзімде бақылау.

5.5. Білім алушыларды, түлектерді және олардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) міндетті қорытынды аттестаттаудың нәтижелері туралы хабардар ету, міндетті қорытынды аттестаттау жүргізу кезінде заңнама талаптарын сақтау қажеттілігі және жауапкершілік шаралары туралы уақтылы хабардар етуді қамтамасыз ету.

5.6. Жалпы негізгі және жалпы орта білім туралы аттестаттардың, "оқудағы ерекше жетістіктері үшін" мақтау қағаздарының, білім жетістіктері ведомостарының сапалы толтырылуын және уақтылы берілуін бақылауды қамтамасыз ету. 17.06.2025ж

5.7. Оқу жыллының қорытындысы бойынша әдіс бірлестік жетекшілерінің есебі, зерттеуші мұғалімдердің есебі тыңдалатын директор жанындағы кеңесті ұйымдастыру. 30.05.2025ж

5.8. "Шеңгелши негізгі орта мектебі " педагогтерін 2024/25 оқу жылына оқу жүктемесін алдын ала бөлу туралы хабардар ету. 30.05.2025.

6. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.С.Канатова «Жазғы мектепті ұйымдастыру» туралы әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес, «Мектеп жанындағы лагерь» жұмыстарын ұйымдастырсын, өткізілуін бақыласын. 01-15.06.2025ж

6.1. Әлеуметтік осал топ отбасы балаларының жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстарын жүргізісін.

7. Әдістемелік бірлестік жетекшілеріне міндеттелсін:

7.1. 30.05.2025 дейінгі мерзімде пәндер бойынша жұмыс бағдарламаларының орындалуы туралы есептер дайындау. Пән мұғалімдерінің оқу пәндерінің жұмыс бағдарламаларын, КТЖ, таңдау пәндері курстардың бағдарламаларын жинақтау, олардың орындалуын стандарт талаптарына сәйкес келтіру. 30.05.2025ж

7.2. Әдістемелік бірлестік отырысында жыл қорытындысы бойынша пәндердің, аралық, қорытынды аттесттау бойынша пәндердің сапасы туралы салыстырмалы талдауын жасау, кемшіліктерді анықтау, жою жоспарларын жасау. 18.06.2025ж

8. Пән мұғалімдеріне міндеттелсін:

8.1. 23.05.2025 дейінгі мерзімде оқу жұмыс бағдарламасының толық көлемде орындалуын қамтамасыз ету.

8.2. 23.05.2025 дейінгі мерзімде оқу пәндерінің, оның ішінде сабақтан тыс қызметтің жұмыс бағдарламаларын стандарт талаптарына сәйкес келтіру.

8.3. Тоқсандық және жылдық бағаларды қою:

- 2 - 4-сыныптарда-21.05.2025 дейін мерзімде;
- 5-9 -сыныптарда-21.05.2025 дейін.

8.4. Аралық және қорытынды аттестаттаудың қорытынды бағаларын қою:

- 5-8 сыныптарда-30.06.2025 дейін.
- 9 -сыныптарда-10.06.2025 жылғы мерзімде;

9. Сынып жетекшілеріне міндеттелісін:

9.1. Ата-аналарды (заңды өкілдерді) оқу жылының аяқталу тәртібі және білім алушылардың үлгерімі туралы хабардар ету;

9.2. Оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушылардың жеке істерін толтыруды, қалыптастыруды қамтамасыз ету;

- 1-4 –сыныптарда -29.05.2025 дейін.
- 5-8 сыныптарда-30.05.2025 дейін.
- 9 -сыныптарда-11.06.2025 жылға дейінгі мерзімде;

9.3. 9 -сыныптың жетекшілері 10.06.2025ж дейін жалпы негізгі орта білім туралы аттестаттарды толтыру үшін жиынтық ведомості тапсыру;

9.4. Білім алушылармен нұсқаулық өткізсін:

- жазғы демалыс кезінде су объектілерінде жүріс-тұрыс ережелері, жабықталмаған жерлерде шомылуға тыйым салу туралы;
- жазғы демалыс кезіндегі мінез-құлық ережелері туралы;

9.5. 1-9 сынып жетекшілері оқулықтарды 20-22.05.2025 дейінгі мерзімде ұйымдастырылған тапсыруды қамтамасыз етсін.

10. Кітапханашы А.С.Сарсенғалиева оқулықтарды қабылдауды 20.05.2025 бастап 23.05.2025 дейін жеке кесте бойынша ұйымдастырсын.

11. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау оқу ісінің орынбасары Б.М.Нурмағанбетоваға жүктелсін.

Мектеп директоры  К.Абишева

